

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ТҮРКІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ "ҚАРА" САПАЛЫҚ СЫН ЕСІМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ

Өмірхан Елдос Өмірханұлы

omirkhanyeldos@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультеті «5В020500» - Филология: қазақ тілі» мамандығының студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент К.К.Кенжалин

Сан ғасырлар бойғы түркі елдерінің сабақтастығы сөз мәдениетінен көрініс тапқан. Көне дәуірлерден бастау алған ортақ сөздік құрам мен сөздік қор тілдің даму эволюциясынан өткенімен, түп негізін сақтап қалды. Бұл мәселе тек қазақ ғалымдарының ғана емес, түркітанушылардың да назарын аударды. Өзгеріске ұшыраған және қалып қойған сарқыншақтар арасына талдау жүргізген. Соның ішінде, фразеологиялық тіркес, орам, сөйлемшелердің құрамында кездесетін заттың не құбылыстың түр түсін білдіретін сын есімдердің табиғаты, контексттегі мағыналарының дифференциациясы көп жылдар бойы лингвист, әдебиеттану және мәдениеттану ғалымдарының көкейінде жүрген өзекті де көкейкесті тақырыптардың бірі ретінде саналады. Әсіресе, осы салада көкейкесті гипотезаларын жариялаған А.И.Бурлак, Л.Е.Кругликова, М.Т.Ганиходжаева, В.С.Фомина, А.А.Кайбияйнен, Я.Мерзух, Н.Н.Репникова сынды түркітанушы ғалымдардың еңбектері осы тақырыпта ерекше орын алады. Көбінесе түстің, біздің жағдайымызда "қара" сын есімінің сипатын фразеология контекстінің құрамындағы семантикалық және морфологиялық ерешелігін ғылыми бағытта талдап, оны түсіну үшін олардың барлығы салыстырмалы-аналитикалық талдауға барған. Лингвистика тарихына үңілетін болсақ, жарқын және тамаша мысалдарға В.Н.Клюеваның орыс, түрік және моңғол тілдеріндегі, Г.С.Свешникованың на материале ағылшын, түрік және неміс тілдерінің, С.И.Ройзензонның орыс және ағылшын тілдерінің материалдарындағы ғылыми жұмыстарын келтіруге болады. Егер біз өзара туыс екі тіл, қазақ және түрік тілдерін, зерттеу объектілері ретінде алатын болсақ, олардың семантикалық ұқсастықтарының тоғысуынан көптеген ерекшеліктерге тоқталып, олардың семантикалық және морфологиялық белгілері бойынша біріктірілетін арнайы топтарға ерекше акцент береміз.

Статистикаға көңіл берейік. Фразеогизмдер, яғни тұрақты тіркестер құрамында қазақ тілінде 200 лексикалық бірлік бар, жалпы құрамнан 18%, ал түрік тілінде 180-ге жуық қолданыстарды, демек, 16% мөлшеріне көз жеткіземіз.

Бүгінгі күнде біз түрік тілімен салыстырмалы талдау жүргізе отырып, сын есім, оның ішінде сапалық бөлінісінің жүйесіне кіретін 8 түсті айқындаймыз.

Бұндағы ескеретін жағдай – контекстік қолданысындағы ерекшелігі. Түрік тіліндегі біздің тілімізбен салыстырғанда, екі түрлі қолдасының жиі кездесетінін байқаймыз. Олардың құрамындағы түсті білдіретін сын есімнің семантикалық жағы анағұрлым доминаттылыққа ие. Ол дегеніміз семантикалық және структуралық жақтары өзара тоғыса келе, берілген контекстінің өзіне ғана эмоционалды-экспрессивті сапасы маңызды рөл атқарады да, байланысып тұрған сөзге ерекше әсер береді. "Және де семантикалық аспектісінің дифференциациясы белгілі сөз тіркесі, біздің жағдайымызда, тұрақты сөздердің тіркестерінде ауыспалы және номинативті мағыналардың туынауына себеп болады" [1;].

Түр-түсті білдіретін сын есімдердің мағыналық әлеуетінің себептері менен ерекшеліктерінің мәнін түсіну мақсатында біз аналитикалық талдауға жүгінеміз. Г.С. Свешникова неміс, ағылшын, француз тілдерінің түсті білдіретін сын есімдерді зерттей келе, өзара динамикалық қасиетке ие деген болжамға тоқталады. Олардың динамикалық бағыты барлық тілдерде болмағанмен, көп тілдерде ортақ лингвистикалық қасиеттерге ие деген пікір әрбір адамды толғандыра алады. [2]. Оған мысал ретінде ағылшын және түрік тілдеріндегі салыстырмалы мысалдар куә бола алады.

Олардың нақты мысалдар мен контекстінде қолданылулары өзара семантикалық жақтан үйлесімді келеді. Бұл ерекшелікті ғалымдар қолданыстағы "нақтылық" категориясы деп аталады.

Енді біз барлық тілдік қолданыстардағы ең көп қолданылатын түс - қара сапалық сын есімінің екі тілдегі қолданысына тоқталайық. Қазақ тілінде 65 қолданыс болса, түрік тіліндегі - *kağa* - тұрақты тіркестер құрамында 77 әр алуан қолданысқа ие. Семантикалық құрам бұл сын есімнің 3 негізгі ерекшелігін айқындайды:

- түс
- айырылған
- жарық құбылысына оппозиит феномен [2].

Бұл ерекшеліктерді ғалымдар түс категориясының(қара түс біздің талдауымыз) негізгі компоненттері деген атау берген.

Ал жоғарыдағы екінші және үшінші компонент, қара сөзінен гөрі, біз тақырып басында айтып кеткен экспрессивті-эмоционалды реңк - түнек, түн, қаралау - ұғымдарына жақын келеді екен.

Егер нақты бір мысалда, яғни контекстінде "қара түсі" адаммен байланысты болатын болса, көп жағдайда оның харекеттерін, теріс қылықтары менен сезімдерін білдіреді. Мысалы: "*kağa yüz*" - біздің "қара бет" - көргенсіз, ұятсыз, теріс әрекет немесе жамандық жасаған адамды білдіреді. Бұндағы екі туыс тілдің ерекшелігі менен ұқсастығы, лексикалық бірліктердің сәйкес келуі, "*kağa* - қара" , "*yuz* - бет, жүз". Демек, семантикасы өте-мөте жақын, ал морфологиялық құрылысында екеуі де бір сөз табына жататынын көреміз. Тағы да мысалдармен берсек: "*kara koncoloz* - қара қаншық" - әйел затына қатысты басым қолданылады. Оған "*kardeş değil kara taş*" сөзін ыңғайластырып жіберуге болады. Сонымен біз нені байқадық? Көптеген "қара" сын есімінің тұрақты сөз тіркестерінде қолданылуы көбінесі бірыңғай реңкті меңзейді.

Тек қана субъектілерге ғана қатысты емес, құбылыс, жануар, ғаламзат нәрселеріне қатысты екен. Мысалы: "*kara bulut gibi gelmek*" - "томсырайып, қарайып тұрсын", "қара көңіл - *kağa uas*". Немесе: "қара қойым сен болсаң" дегендегідей, түрік тілінде "*kara koyun*".

Жоғарыдағы сын есімдердің басқа мағынасы "отбасының оңбағаны", "білімсіз, надан" дегенді де білдіреді. "Қараңғы қазақ, қараңғы адам" деген тіркестер біздің ойымызды дәлелдейді.

Морфология жағынан тереңдейтін болсақ, зат есімдермен тіркесе келе, адъективті-субстантивті мағынаны білдіреді. Мысалы: "қара хабар" - "*kara haber*".

Сонымен біз "қара" түсінің қолданылу ерекшелігін тілдік сипатта байқап, статискамен дәлелдедік. Және оның поэтикалық қолданылуын ұмытпағанымыз абзал. Мысал: "*Kara haber ! çok üzücü haber, felaket haberi*" - Қара байлады-кісісі өлген үйдің қайғы-қасірет белгісі туралы айтылады! Қаралы болды-Үлкен қайғылы күйге тісті! Қара жапты-жала жабылды,жамандық таңды! Қара жер төсек болды-басына қиыншылық түсті,зәбір жапа шекті,жаны күйзелді!

Келесі кезекте, «қара» түсінің фразеологизмдердегі қолданысына тоқталайық. Мысалы:

Қапыл жоқ Өкініш жоқ. Қаратайып өлсе, қапыл жоқ(Мақал).

Қара азық Ет-майдан басқа тамақ. Ағарған жоқ. Қара азық емге жоқ. Балық бірде болса, бірде болмай қалады (Ә.Нұрпейісов).

Қара байлады [тікті] көне. Кісісі өлген үйдің (ауылдың) қайғы-қасірет белгісі (қара мата, қара киім т.б) туралы айтылады. Махамбет қашып барып Аңсарыға Қамады Құрайышты Хұт тауында. Тас тиіп, омырылып екі тісі Қамза өліп, қара байлап тұрғанында (Қ. Әбдіқадыров). Байдалы сүйекті орналастырып болысымен, сол өлік үстіне тіккен ақ үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен әкеп қара тікті (М.Әуезов).

Қара [албасты] басқан Оңбаған, ісі қырсыққан. Қара басқан, қаңғыған Қас надан нені ұға алсын. Көкірегінде оты бар Құлағын ойлы ер салсын (Абай). Байқап қарасак, «қара» сөзі тек теріс бағалауыштық мәнде қолданылған. Біз тақырыпты қорытындылай келе, аналитикалық-салыстырмалы әдістің ерекшелігін және түрік, қазақ тілдеріндегі "қара"

сапалық сын есімінің әр алуан контекстегі өзара ұқсатығын жан-жақты талдап, сабақтастық деңгейін көрсетуге тырыстық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кайбияйнен А.А. Устойчивые атрибутивно-субстантивные сочетания с прилагательными цвета в современном русском языке. – Казань, 1996. – 16 с.
2. Свешникова Г.С. Типологический анализ ФЕ с компонентами-прилагательными, обозначающими цвет (на материале немецкого, английского и шведского языков). Автореф. дисс.канд. филол. наук. – М., 1969. – 23 с.
3. Гатиатуллина З.З., Мифтахутдинова Л.Т. Англо-турецко-русский словарь фразеологических единиц с компонентом-цветонаименованием. – Казань: КГПУ - «Ассоль», 2002. – 35 с.
4. Гатиатуллина З.З., Мифтахутдинова Л.Т. Турецко-русский словарь фразеологических единиц с компонентом-цветонаименованием. – Казань: КГПУ - «Ассоль», 2003. – 25 с.

ТЕРМИН ЖҮЙЕСІНДЕГІ НОМИНАТИВТІЛІК

Өнерхан Меруерт

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 1-курс магистранты,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.Б.Мамаева

Лингвистердің назарында тілдің қызмет етуінің әлеуметтік және кәсіби шектелген салаларында өтетін номинативті процестер болды және болады. Бұл арнайы түсініктердің тәсілдерін зерттеу қажеттілігін, тілдік түсінік және адам қызметінің нақты салаларының тұжырымдамалық білімін кодтау құралы ретінде номинативті бірліктердің осы дәрежесіндегі әлеуметтік маңыздылығын, арнайы лексика және оның ядросы – терминология өзімен ғылыми-техникалық процестің динамикалық қозғалысын көрсететін лексиканың белсенді бөлігін көрсетуін ескертеді.

Әр ұлттық тілдің терминологиясы өзінің құрамында қоғамның кәсіби қызметінің барлық салаларының арнайы түсініктері атауларын біріктіреді. Қазақ терминологиясы да – дәл солай номинативті қасиетке ие. Қазақтың ғылыми-техникалық терминологиясы, дамудың қиын жолдарынан өтіп, қазіргі кезде отандық ғылымды, техниканы, мәдениетті, өнерді, қоғамдық институттарды дамытудың заманауи деңгейіне тиісті номинацияның жоғары дамыған жүйесін қамтиды.

Қазіргі қазақ терминологиясын синхрондық шолу оның қалыптасу дереккөздері бойынша, жеке терминдер мен біртұтас термин жүйелерінің шығу уақыты бойынша және номинациялар әдістері бойынша қаншалықты күрделі және әртекті екендігі туралы жақсы түсінік береді.

Жалпы әдеби тілдің шағын жүйелері ретінде ғылыми тілді зерттеушілер көп құрылымдылығы мен көп функционалдылығына негізделеді. Көп қызметті әдеби тілге қарағанда ғылыми тіл «адам қызметінің белгілі салалары шегінде коммуникацияларының айрықша қажеттіліктерін қанағаттандыруға міндетті» [1, 34].

Өзінің өзектілігі бойынша дербес мағынада ғылымның кәсіби тіліндегі номинацияларды зерттеуге байланысты проблемалары бар. Номинацияның жақсы құрастырылған жалпы теориясы аясында арнайы лексика саласындағы номинациялар проблемасы жеткілікті нақты және толық түсіндірілмеді. Лингвистикалық әдебиетте сөзжасам қатынастарының жүйелілігі, морфемалар мен модельдерді мамандандыру сияқты қазақ тілінің жалпы әдеби сөзжасамдарының негізгі үрдістері термин жасаудың жалпы бағыттарын анықтайды деген пікір қалыптасты. Бұл жалпы ақиқат, дегенмен, терминологияның жалпы ерекшелігі арнайы түсініктер номинациясында дербестікті